

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

жасырын мағынаның, субтекстің болмауымен, кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің себептері көрсетілмеуімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде новелланың жанр ретінде толық орнықпағаны байқалады. Новеллаға тән өткір сюжеттілік, нақты авторлық позицияның болмауы, шығарманың күтпеген финалмен аяқталуы сынды ерекшеліктері төл әдебиетіміздегі туындыларда айқын байқалмайтынын көреміз. Дегенмен, өзін новеллисттің деген қаламгерлер саны жоқтың қасы болса да, жазылып жүрген новеллалар аз емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Білім, 1964. 135б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST Company», 2006. – 360б.
3. Қабдолов З. Шығармалары. Т. 4: Үш алып. Төрт арыс. Ғылыми зерттеулер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013 – 320 б.
4. Ерубәев С. Мәңгілік өмір. Новеллалар. - Алматы: Рауан, 1994, 64 б.
5. Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет. - Алматы: Жазушы, 1982, 541 б.
6. Майлин Б. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1977, 543 б.
7. Әлімқұлов Т. Сенгіштік // Шығармалары - Алматы: ҚА Зақпарат, 2014, Т. 7, 380б.
8. https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category_id=10&tag_id=6241
9. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/17350/>
10. <https://egemen.kz/article/251421-azattyq-qyzy-novella%C2%AD%C2%AD%C2%AD%C2%AD>
11. <https://egemen.kz/article/233807-aqsaqqara-novella>
12. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/10236/>
13. <https://malim.kz/article/sports/alma-novella-2636>
14. <https://qazaqadebieti.kz/34385/sandy-novella>
15. <https://massaget.kz/blogs/proza/27048/>
16. https://adebiportal.kz/kz/news/view/asqar-altai-virus-mutant_22637
17. https://adebiportal.kz/kz/news/view/zar-basyndagy-altyn-taq-novella_17555
18. <https://adyrna.kz/post/102494>
19. <http://ertisoniri.kz/rubrikalar/zhantanyim/717-aktalmagan-umit-novella.html>
20. <http://madeniportal.kz/article/4996>
21. <https://ult.kz/post/esbol-nurakhmet-armannyn-agasy-novella>

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖӘНЕ АБАЙ

Аманкелді Гүлбаршын Нұрланқызы
gulbarshyn.00001@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қорғанбеков Б.С.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» - түркі халықтарының арасында кең таралған, біздің заманымыздан үш-төрт ғасыр бұрын шыққан, көне эпостық асыл мұра. Бұл жырды күллі қазақ халқы көне ғасырлар бойы жырлаған. Бізге жеткен жазбаша деректерде осы жырды Жанақ, Шөже, Бекбау, Сыбанбай, Қоңқабай жырлаған. Ел арасында Жанақ пен Шөженің жырлаған нұсқалары кеңінен таралған. О баста бұл жырды 12 ақын қатар отырып, бірінен соң бірі жырлапты деген аңыз да айтылады.

Ғалымдардың пікірінше, Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың оқиғасы 1500 жыл бұрын болған дейді, бірақ бұл әлі күнге дейін нақты дәлелденбеген. Ал жыршылар осы аңыз әңгімені ноғайлы заманымен байланыстырады. Мысалы, Шөже ақынның нұсқасы былай басталады:

Жаратқан жан біткенді бір құдай-ды,
Көрсетті жарық қылып күн мен айды.
Бұрынғы қазақ ноғай заманынан,
Сөйлейік Қарабай мен Сарыбайды.

Қозы Көрпеш - Баян сұлу жыры халық арасында ауыздан-ауызға таралып, он жетінші ғасырда ғана хатқа түсірілді. Мәселен, жырды ең алғаш ел арасынан жазып алғандар – Шоқан Уәлихан, Ғ. Дербісәлин, В. Радлов екені мәлім. Сонымен қатар, Н.Потанин, Г.Тверитин, Н.Пантусов, Е.Баранов мәтін жырын орыс тіліне аударып жарыққа шығарды.

Бұрынғы әдеби зерттеулер бойынша, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының 16 нұсқасы бар деп есептелген. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбалар бөлімінде 21 нұсқасы сақтаулы тұр. Бұл нұсқалардың барлығына ортақ сюжеттер мыналар:

- Сары бай мен Қарабайдың аңға шығуы, бір-бірімен құда болуы;
- Сарыбайдың өлімі;
- Қарабайдың Аякөзге көшуі;
- Қодардың қастандығы;
- Қозы мен Баянның трагедиясы және мазардың тарихы.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры жазба әдебиетке де әсерін тигізді. Мысалы, жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» пьесасы – қазақ драматургиясына ерекше леп алып келді. Халықтың сүйікті спектакліне айналды.

Махаббат дастаны туралы М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаевтар жырды әр қырынан қарастырып, ғылыми еңбектер жазды. Дегенмен, біз сөз еткелі отырған Қозы Көрпеш - Баян сұлудың «Абай нұсқасы» осы уақытқа дейін жеткілікті зерттелмеді.

Қазақ ауыз әдебиетінде бұл эпостың «Потанин нұсқасы» мен «Жанақ нұсқасының» мәтіндік жағынан аса үлкен айырмашылығы жоқ. Потанин нұсқасының қолжазбасы Ресей Федерациясына қарасты, Томск Мемлекеттік ұлттық университеті ұлттық кітапханасының қолжазбалар қорында сақталған. Қолжазбаны 1996 жылы ӘӨИ-дің аға ғылыми қызметкері Едіге Тұрсын тапқан. Академик Әлкей Марғұлан: «Потанинге жырдың осы нұсқасын Абай сыйға тартқан» - дейді. Бұл туралы ғалым 1988 жылы «Жазушы» баспасынан тұңғыш рет жарық көрген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу Абай жазып алған нұсқасы» атты кітапта сөз етеді. Осы кітаптың кіріспесінде ғалым нақты деректер келтіріп, былай дәлелдейді: *«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын артықша қадірлеген Шоқан мен Абай. Шоқан оның екі вариантын Жанақ (1842) пен Шәжеден (1864) жазып алып, кейін есіне түсіріп отырады. Бұл жырға өте қызыққан Абай оны Жанақтың жазуынан, Сыбанбайдың, Найман баланың, Айтпай ақынның жырлауынан естіп біледі. Әсіресе, қадірлегені – Жанақ ақын айтқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры. Бұл жырды Абай 1884 жылы жазып, орыс әріпімен «Қозы Көрпеш – Баян қыз» деп ат береді. Жырды сол кезде аяулы ғалым Г.Н.Потанинге сыйға тартады, «Жаңа закон» деген жаңа поэмасын қоса жібереді. Адресін орысша жазып, «Семипалатинского уезда, Чингизский волости, А.К.».*

Әлкей Марғұланның айтуы бойынша, осы нұсқаның көшірмесі Н. Я. Коншин жинап тапсырған Абай жырларының жинағында, Омбыдағы география қоғамының архивінде сақтаулы тұр. Осы қолжазба жайында, филолог, түріктанушы Серікбай Қосан өзінің ««Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының Абай нұсқасы» атты мақаласында былай дейді: *«Біздің қолымызда Ә.Марғұлан ескерткен, кейін арнайы мақала жазған екінші қолжазбаның фотокөшірмесі де бар. Екі қолжазбаның бір адамның қолынан шыққаны және бір мезгілде көшірме жасалғаны білініп тұр. Біздіңше, Омбыдағы қолжазба түпнұсқа болуы да мүмкін. Өйткені Г.Н.Потаниннің Томск университетінің кітапханасында сақталған №151 істің сыртына «Д» белгісі соғылған, яғни бұл оның дубликат екенін білдіреді. Сондай-ақ біздің қолымызға тиген Омбы қолжазбасының 1-бетінде «1884 года, марта 2-го дня» деген мерзім көрсетілсе, Томск көшірмесінде «21-III, 1884» деп көрсеткен». Осыған қарап, академик Ә.Марғұлан тапқан эпос қолжазбасын түпнұсқа ретінде тануға негіз бар.*

Абай нұсқасының құрылымы өте көлемді, екі мың алты жүз жолдан тұрады. Абай осы жырда өзіне тән «қас» сөзін көбірек қолданады. Мысалы: «*Ту жығылса, болдық қой қас масқара*», «*Сүймес кісім кез болса қас шұнақпын*», «*Қас алтыннан қолында жүзігі бар*». Тағы да Абайға тән сұлулықты шебер суреттеуді мына мысалдан көре аламыз:

Аппақ керік маңдайлы, қылығы наз,
Малың түгіл, басыңды берсең де аз.
Сыртынан күлімсіреп сөйлесе де,
Көңілі қош болмайды баймен араз.

Осы тектес сұлу жар бейнесін Абайдың атақты «Көзімнің қарасы» өлеңінен де жолықтырамыз:

Кісімсіп дүрдараз,
Бұрандап қылма наз.
Мал түгіл, басымды,
Жолыңа берсем де аз.

Осы мысалды келтіру арқылы, біз Потанин нұсқасы Абайдікі екенін дәлелдей түсеміз. Сөзімізге тұздық ретінде Әлкей Марғұланның Абайға тән ақындық суреткерлігін байқататын мысалдарын келтірейік:

Ойлашы, солар шыны дос емес пе?
Өзге доспын дегендер бос емес пе?
Бірі үшін жаратышты бірін Құдай,
Ақ ашық, Алла қосқан осы емес пе?
Жарын көріп жан беріп сап-сау Баян,
Үлгі болған кейінгі білгендерге.

Бұл шумақтан Абайға тән қайталаулар мен махаббат, оқырманмен ашық сырласу көрінісін көре аламыз. Осындай ерекше стильмен жазатын ақындар Абайға дейін де және оның заманында болған емес.

Әлкей Марғұланның келтірген бұл мысалына Ы.Дүйсенбаев қарсы пікір айтады: «Біздіңше бұлайша кесіп айтуға әзірге ертерек сияқты. Күні бүгінге дейін Абайдың өз қолымен жазылған бірде-бір қағазды (қолжазбаны) білмейміз. «Ана бір нұсқаны, не мына бір текстті Абай жазған» деп жорамалдап жүргеніміз, шынында дәл емес, тек көңілмен жору, оймен долбарлау. Ал мұндай жағдайда Абайдың өз қолымен жазылған текстті сөз ету мүмкін емес, бос әурешілік. Алайда, бұл туралы ақырғы тұжырымды шығарманың өзімен тікелей танысқаннан кейін ұсынармыз». Зерттеуші эпостың бұл қолжазба нұсқасын «Н.Я.Коншин варианты» деп атауды ұсынады. Бірақ беделді фольклортанушы Н.С.Смирнова: «Бейсембай и Уаис – семипалатинские акыны из окружения Абая, от которых Г.Н. Потанин и М.О. Ауэзов получили не совпадающие по составу записи текста, – причастны к формированию этого признака романического эпоса. Найти его им помогли Абай (а через Абая Пушкин), казахская устная песенная лирика и дастаны» деп пікір білдіру арқылы Потанин жазып алған қолжазбаның Абайдікі екенін мойындайды.

Ғылымда әр түрлі пікір болатыны хақ. Дегенмен де, біз Әлкей Марғұланның ұстанымын алдыға тарта отырып, болашақта жазатын диссертациялық жұмысымызда жоғары да айтылып кеткен мәселелерді толығырақ қарастырамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбеков М., Қасқабасов С. Қозы Көрпеш-Баян сұлу. – Астана: Фолиант, 2002. – 353 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 271 б.
3. Садырбаев С. Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырының нұсқалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 189 б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 234 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы